# Қазақстан Республикасының Президенті айтқан тапсырмаларды іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1998 жылғы 12 ақпандағы N 35

1. 1998 жылғы 21 қаңтардағы Президент Әкімшілігі, Сенат және Мәжіліс аппараттары, Премьер-Министр Кеңсесі қызметкерлерінің кеңесінде Қазақстан Республикасының Президенті айтқан тапсырмаларды іске асыру жөніндегі шаралар бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары бекітілген шаралардың белгіленген мерзімдерді сөзсіз орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1998 жылғы 12 ақпандағы
N 35 өкімімен
бекітілген

1998 жылғы 21 қаңтардағы Президент
Әкімшілігі, Сенат және Мәжіліс аппараттары,
Премьер-Министр Кеңсесі қызметкерлерінің
кеңесінде Қазақстан Республикасының Президенті
айтқан тапсырмалары іске асыру жөніндегі
шаралар

| Рет N | Іс шара | Орындаушы | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Өз қызметін Қазақстанды 2030 | Стратегиялық жос. | тұрақты |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жылдарға дейін дамыту Стратегия.<br>сында, мемлекеттік органдардың<br>Стратегияны дамыту және оны іске<br>асыру үшін қабылдаған шешімдерінде<br>белгіленген мақсаттарға қол<br>жеткізуге сөзсіз бағындыруды<br>қамтамасыз ету | парлау және рефор.<br>малар жөніндегі<br>агенттік, министр.<br>ліктер, мемлекет.<br>тік комитеттер.<br>ведомстволар,<br>Премьер-Министрдің<br>Кеңсесі | түрде |
| 2. | Барлық мемлекеттік органдардың<br>Қазақстанды 2030 жылдарға дейін<br>дамыту стратегиясын түсіндіру<br>жөніндегі ақпараттық-насихаттық<br>шараларды орындауын қамтамасыз ету<br>жөнінде түпкілікті шаралар қабыл.<br>дау, Президентке олардың орындалу<br>барысы туралы тұрақты түрде<br>хабарлап отыру | Ақпарат және<br>қоғамдық келісім<br>министрлігі, Стра.<br>тегиялық жоспарлау<br>және реформалар<br>жөніндегі агент.<br>тік, министрлік.<br>тер, комитеттер,<br>ведомстволар | тұрақты<br>түрде |
| 3. | Қабылданатын шешімдер мен жүзеге<br>асырылатын іс-әрекеттердің<br>Мемлекет Басшысының стратегиялық<br>бағытына қатаң сәйкестігін<br>қамтамасыз ету | Стратегиялық<br>жоспарлау және<br>реформалар<br>жөніндегі<br>агенттік | |
| 4. | Ақпарат қызметкерлерінің<br>бірлескен топтарының жергілікті<br>жерлерге баруы арқылы тексеруді<br>қоса алғанда, аппараттың функцио.<br>налдық міндеттеріне сәйкес жан-<br>жақты қатаң бақылау жасау | Премьер-Министрдің<br>Кеңсесі, министр.<br>ліктер, мемлекет.<br>тік комитеттер,<br>ведомстволар | тұрақты<br>түрде |
| 5. | Мемлекеттік қызметші кадрларын<br>даярлау мен қайта даярлаудың тиім.<br>ділігін арттыру, кадрларды даярлау<br>мен қайта даярлауды Ақмола<br>қаласында ұйымдастыруды көздеу | Үкіметінің<br>жанындағы Мемле.<br>кеттік қызметші.<br>лерді даярлау мен<br>қайта даярлау<br>институты,<br>Премьер-Министрдің | тұрақты<br>түрде |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Кеңсесі | |
| 6. | "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президен. тінің Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын Республика Парламентінің қарауына енгізу, өзге де нормативтік құқықтық актілерге мемлекеттік органдар аппараттарының қызметкерлерін қорғау шараларын көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ мемлекеттік қызметші кадрларын іріктеу, аттестациялау мен жылжытудың, кадрлар корпусын тамыр-таныстық принципі бойынша қалыптастыруға жол бермейтін тетігін жасау | Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөнін. дегі агенттік, Әділетмині, Премьер-Министрдің Кеңсесі | 1998 жылдың 1 шілде. сіне дейін |
| 7. | Мемқызмет жүйесінде ақпаратқа жалпы қол жеткізуді қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың бірыңғай компьютерлік жүйесін құру және Интернет желісіне кіру, сондай-ақ бұл үшін қажетті бюджет қаражатын қарастыру туралы ұсыныстар енгізу | Қаржымині, Ғылыммині - Ғылым академиясы | 1998 жылдың 1 шілде. сіне дейін |
| 8. | Мемқызметшілерге еңбекақы төлеудің коэффициентерге негізделген бірыңғай тарифтік-біліктілік жүйесін әзірлеу | Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөнін. дегі агенттік, Қаржымині | 1998 жылдың 1 шілдесіне дейін |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК